

С.Музаффарова. Өзбек халықтарындағы жоқтау жанры.

Сақыпжамал МУЗАФФАРОВА

ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖОҚТАУ ЖАНРЫ

В статье рассматриваются древние узбекские жанры фольклористики. Роль и особенности обычая, традиции узбекского народа в природе их семантики, рассматриваемые в контексте тюркских народов.

Yazar folklorun en eski jandarundan olan ağılı değerlendirdi. Oluş özbek örf adetlerindeki yeri ve özellikle türk halkları açısından incelemiştir.

Түркі халықтары өмірінде ат күлтінің ерекше орын алғаны белгілі. Түркі текстес халықтар жоқтауларын зерттеу, үйрену барысында ат күлтімен байланысты түрлі рәсімдерді кездестірдік.

Ежелгі түркі халықтарында, сондай-ақ өзбектерде ер кісі қайтыс болса, оның атын жабдықтаپ, үстіне марқұмның киімдерін төсеп, әулиенің ортасына алып келіп қойып, айналып жүріп жоқтау айту салты да кездескен. Бұл салт өзбектерде «ат төрлады» деп аталған.

Азалы жиындарда марқұмның атының айналасында айналып жоқтау салудың ерекше тарихи маңызы болған. Бұл салт ат күлтімен байланысты көзқарастардан қалыптасқан. Себебі түркі халықтарында ежелден-ақ ат - адамның жолдасы, туысқаны, қанаты деп қаралған. Сондықтан «Китаби Дәдам Қорқут» эпосының (дастан) кейіпкері Бамси Бейрек өз атына қаратады дейді: «Сені ат деп айта алмаймын, сені адам деп атаймын.... Сені досым деп атаймын».

Атақты өзбек фольклортанушысы Х.Зарифовтың жазуы бойынша ат туралы тотемистік көзқарастар түркі халықтарында жақын замандарға дейін белгілі болған. Жаман көзден сақтайды деген ойда аттың бас сүйегін есіктің алдына іліп қою рәсімі жайында көп жазылған (осы рәсім кейбір түркі халықтарында қазір де кездеседі). Сондай-ақ, жақсы ат өлгенде оның бас сүйегін көгендеп қою сияқты ырымдар ежелден кең тараған.

Орта Азия халықтарының этнографиясын зерттеумен айналысқан ғалым Б.Х.Кармышева Фергана облысында өмір сүретін өзбектер арасында азалы жиындарда ат тотемистік белгі ретінде жақын күндерге дейін сақталғандығын дәлелдейді [1. 181].

С.П.Нестеров түркі халықтары өмірінде, әсіресе, азалы жиындарда ат күлтінің тұтқан орын туралы тоқталып, ежелгі түркілерде атты құрбандаққа шалу салты болғандығын арнайы қайталап көрсетеді. Оның айтуды бойынша ат алмыш салт үш түрлі көріністе іске асырылған [2. 143].

1. Марқұм және оның атын бірге жерлеу салты.
2. Марқұм және оның атының бас сүйегін немесе терісін бірге жерлеу салты.

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

3. Марқұм мен оның атының жабдықтарын бірге жерлеу салты.

Кейбір кездерде аты өлгендеге оны иесінің киімдері және кару-жарағымен бірге жерлеу салты да болған екен. Азалы кездерде осындай салттардың сақталып қалуы марқұмға ана дүниеде де ат керек болады деген пікірден қалыптасқан.

Сондай-ақ, кейбір тарихи деректерде марқұмды аттың терісі, бас қаңқасы, жабдықтарымен бірге жерлеу салты туралы мағлұматтар да кездеседі. Себебі ежелгі қарапайым халық арасында аттың дене мүшелері о дүниеде атқа айналып, марқұмға қызмет етеді деген пікір қалыптасқан.

Деректерге қарағанда, байыргы сақ тайпаларының өмірінде үлкен рөл ойнаған тарихи тұлғалардың қайтыс болуына байланысты айтылған жоқтаулар мазмұны мұнды, рухы қайғы-қасіретпен айтылуы жағынан қазіргі жоқтаулардан ерекшеленбейді. Түркі халықтарының қаһарманы Алып Ер Тоңғаның қайтыс болуы Тұран мемлекетінің құдіретін біршама бәсендегі, мемлекет аумағына дүшпандардың басып кіруіне себеп болды. Мұндай басқыншылықтар бірлескен түркі тайпаларын бейберекетсіздікке алып келді. Сондықтан түркі қауымы Алып Ер Тоңға өліміне:

Алып Ер Тоңға өлді ме?

Иесіз айың қалды ма?

Ақыр ақын (құнын) алды ма?

Енді жүрек айрылар [3, 52], -

деп жоқтау айтқандығын білеміз.

Өзбек халық жоқтауларының образдар жүйесімен танысу арқылы мынадай пікірге келдік. Халық жоқтаулары ең алдымен, отбасы мүшелері, жақын туған-туыстары қайтыс болуына байланысты айтылады, сондай-ақ ел арасында даңққа бөленген, елдің атағын басқа елдерге танытқан палуандар, ерлер және басқа да, абыройлы адамдар қайтыс болғанда да айтылған. Профессор Б. Сарымсақтың пайымдауынша, өзбек халқы арасында даңқы шыққан шабандоздар жайлы шығарылған жоқтаулар да кездеседі.

Осы жоқтауларда, шабандоздардың әдел-құлқы, батылдығы мен мәрттігі, жалпы барлық жақсы қасиеттері ерекше бейнеленген. Ең бастысы, қайтыс болған шабандозға жоқтау айтқанда оны жақын туыс тартып «беу, ағам» деп айтылған. Бұл ел ардағы болған азаматтардың халықтың жүргегіне барынша жақын болғанын сипаттайды.

Арғымақ атын арытпай, беу ағам,

Алған жарын жасытпай, беу ағам,

Не күн туды басына, беу ағам.

Атқа мініп ақыздай, беу ағам,

Сырты сұлу құндыздай, беу ағам.

Маңдайы қүнге қүймелен, беу ағам,

Табаны жерге тимелен, беу ағам,

Иығы жерге тимелен, беу ағам,

Сәлемсіз есік ашпаған, беу ағам [3, 53].

С.Музаффарова. Өзбек халықтарындағы жоқтау жанры.

Немесе:

Айлар қиялап батар ма,
Алтында жерде жатар ма,
Алтын сынды беу ағам,
Кара бір жерде жатар ма [3,58].

Әйгілі шабандоздарға арналған жоқтаулар бір жағынан түркі халықтарында ат күлтінің кең таралғандығымен байланысты болса, екінші жағынан шабандоздардың өмірде, халқының саяси мәдени өмірінде үлкен орын алудың де ерекшеленеді. Қалай болғанда да, шабандоздарға арналған жоқтаулардың түр-сипатын анықтау барысында олардың жаңа рәміздік образдар, метафоралармен бейнеленгендей анғардық.

Отбасында аталар аман болса, мұндай отбасы бақытты, берекелі саналған. Себебі үлкен өмір тәжірибесіне ие болған қарттар үйге береке береді, жастарды дұрыс жолға салады. Олардың өмірден өтуі әрбір отбасы үшін үлкен қайғы саналады [4.103]. Міне сондықтан өзбек халқы жоқтаулары арасында аталар мен аналарға бағышталған жоқтаулар өте көп кездеседі. Өзбек шаңырағында атадан кейінгі орында әже, енелер тұрады. Әжелердің қайтыс болуына бағышталған арнайы жоқтаулардың кейбір үлгілері бар. Олардың бірінде әжелердің тыным таппай жүретіні, балалары мен немерелеріне қамқорлығы, тез ашуланып, тез басылуы және мейірбандығы өзіне тән образды ой-пікірмен көрсетілген:

Құлақ ұрып құр кеткен, беу әжем,
Бала бағып рахатын көрмеген, беу әжем,
Көктемнің жаңбырында жауып өткен, беу әжем,
Патшаның қосынындағы қонып өткен, беу әжем [3. 246].

Әжелерге тән жетекші қасиеттер жоқтаудың әрбір қатарында өзіне тән ұқсатулар арқылы жарқын көрсетілген. Жоқтаудағы «құлақ ұрып» сөзі әжелердің ширақтығы, үй-жай көркеюі, үйдің берекесі үшін қайғырып, ешкімді де тыныштыққа, жауапсыздыққа қоймайтын, баршаны өз міңдеттін шын ниетпен аяқтауға тынбай үндеп тұратын, жақсы іс үшін құлақтарын тыншытпай, әйтсе де ақыр соңында бұл дүниеден құр кететін әжелер ісі қысқа, алайда өте анық сипатталған. Жоқтаудың екінші қатарында әжелердің немерелеріне қарауы, үлкендердің қажет істермен шүғылдануын қамтамасыз етудегі қызметтері айтылған. Үшінші, қатарындағы «көктемнің жаңбырындағы» әрекеті өте нәзіктікпен табылған және әжелер сипаттамасының ең өзекті қырларын жарқын ашып беруге қызмет етеді. Одан соң көктем жаңбыры күтпеген жерден қатты жауады, алайда оның бұл қарқыны тез өтіп кетеді де, күн шығып бір сәтте бар жақты жылдың жібереді. Мұнан басқа, көктем жаңбыры өсімдіктердің өсіп-өнуі, әлемнің тазаруы үшін қажет нәрсе. Отбасында да әжелер балалар немесе үлкендердің теріс істеріне бір сәтте наразы болып, оларға қатты ренжиді және тез арада ашуды тарқап, оларға мейірбандық жасайды. Әжелердің бұл ерекшеліктері көктем жаңбырындағы жылды әрі пайдалы.

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

Демек, жоқтау шығарушылар әжелерге тән типтік белгілерді, ерекшеліктерді өте нәзіктікпен жырлап, орынды теңеулермен бейнелей алған.

Бір ғана жоғарыда көлтірілген шумақпен танысу әжелер образына тән жетекші қасиеттерді образды тілмен жинақтап берген. Жоқтау қатарларының әрбірінде, образдың бір қырын ашып беру арқылы оның жинақы бейнесін топтастырып беру осы жаңрға тән образ жасаудың белгілеуші тәсілі саналады.

Өзбек халқы жоқтауларында әке образы бүкіл салауаты, ұлылығымен бейнеленген. Одан соң әке – отбасының тіргі, жаңып тұрған шырагы. Сондықтан да жоқтауда перзентерінің сенімінде еш өлмейтіндей әсер қалдырыған әкениң өлімі жаңып тұрған шырақтың кенеттен сөнуіне, күз мезгілі болмай қазан болған баққа тенеледі:

Биік таулар пәс болды ма, беу әкем,
Өлгегеніңіз рас болды ма, беу әкем,
Жел соқпайын сөнген шырагым, беу әкем,
Күз келмейін қазан болды бағым, беу әкем [3, 36].

Немесе:

Жібектен ескен арқаным, беу әкем.
Әсте үзілмес деп едім, беу әкем.
Темірден соққан қорғаным, беу әкем,
Әсте бұзылмас деп едім, беу әкем [3, 305].

Осы жоқтаудағы марқұм әке образына тән сипаттарды көрсететін теңеу мен метафораларға назар аударыңыз. Қарапайым кенептен есілген арқанмен салыстырғанда, жібектен есілген арқан мықты болады. Демек, әке перзент үшін қарапайым адам емес, одан соң қарапайым адамдар өлсе де, әкелері өлмейді. Перзент үшін әке бұзылмас темір қорған, басқа қорғандар бұзылса да, темір қорған берік болуға тиіс. Әйтсе де, қайырымызыз өлім перзенттер көңіліндегі жібек арқандар мен темір қорғанды жоқ етеді, сондықтан да олардың көңілдері тас-талқан болады. Жоқтауда әке өлімінен сарсанға түскен балалардың рухы, қайты-қасіреті бүкіл шынайылығымен анық көрсетілген.

Төмендегі жоқтауда әкеден жетім қалған балалардың өксік өмірі анық теңеулер, рухани параллелизмдер ашып берілген:

Биік-биік дуалдар, беу әкем,
Жанбыр жауса құлайды, беу әкем.
Сізден қалған жетімдер, беу әкем,
Телміріп кімге қарайды, беу әкем [3, 245].

Халық жоқтаулары рәміздік образдарға бай. Одан соң марқұмды өз атымен атау немесе отбасының қайсы мүшесі екенин тікелей айту бұл жаңардың табигатына тән емес.

Кейбір жоқтауларда марқұмға салыстырып қолданылған рәміздік образдар халықтың мықты сенім әсерлеріне негізделеді.

Мекке мен Мәдінам- әкем,
Сүйенген тағым- әкем.

С.Музаффарова. Өзбек халықтарындағы жоқтау жанры.

Қаражатқа базарым- әкем,
Зияратқа мазарым- әкем.
Кешкіліктे жүлдизым- әкем,
Күндіздері аптабым- әкем.
Үйіміздегі шырағым- әкем,
Бағым, байлығым - әкем [3. 249].

Егер назар аударсаныздар, жоқтаудың әрбір қатарында марқұм әке образы әлдебір нәрсемен байланысты түрде сипатталғанын көруге болады. Мысалы, мұсылман әлемінде әке - перзент үшін Мекке мен Мәдина сияқты қасиетті, ол перзент үшін демеу, ауыр шактарда сүйенетін тақтай берік, сенімді адам, өмірде не қажет болса, әке балаға тарту ететін «базардай» мырза адам; қасиетті мазардай сыйынуға лайық адам; ол қап-қара түндерге сөule шашуы, перзенттің өмір жолын, келешегін көрсететін жүлдиз, перзенттің таусылмас мейір-шапағатымен жылтытуши, ер жетуге мүмкіндік жасаушы баға жетпес адам.

Сондай-ақ халық жоқтауларында әрбір образдың толығымен, кең ұсақ-түйегіне дейін бейнеленуі кездеспейді. Оларда образдың жақсы қасиеттері, іс-әрекеттері және сыртқы келбетті әрдайым оң жағынан, жалпы тәрізде сипатталады [5, 58]. Бұл әдет, түркі халықтарында кең тараған марқұмдар жайлы жаман сөйлеуге болмайды деген пікірден қалыптасқан. Кейбір жоқтауларда әкелердің перзенттерге қамқорлығы, небір еңбек және машиқатпен өсірген балаларының рахатын көре алмай көз жүмғандығына ашыну сарыны көрсетілген:

Алыс жерге кетпеген, беу әкем,
Бізді мұқтаж етпеген, беу әкем.
Перзенттерін өсіріп, беу әкем,
Мұратына жетпеген, беу әкем [5. 303].

Тарихи деректерге назар аударсақ, өзбектерде XX ғасырдың ортасында қала мен ауылдарда арнайы кәсіби жоқтаушылар пайда болып, олар «жоқтаушы», «гүянда» деп аталған [2. 148]. Олар абырайлы адамдар, халық арасында данқы шыққан қолбасшылар қайтыс болғанда шақырылған. Ал қолбасшылар және шабандоздар жөніндегі жоқтаулар түркі халықтары арасында ат күлтінің кең таралғандығымен байланысты екендігі белгілі.

Қорыта айтқанда, халық жоқтаулары образдардың қамтылу ауқымының кеңдігі, олардың нақты туыстық тамырларының бір-бірімен байланыстылығы жағынан фольклор жанрларының арасында ерекше орын иеленеді [5. 56].

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Кармышева Б.Х. Архаическая символика в погребально-поминальной обрядности узбеков Ферганы. –М.: «Наука», 1986.

2. Несторов С.П. Конь в культурах тюркязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековье. –Новосибирск: «Наука», 1990. -143 с.
3. Саримсақов Б. Узбек маросим фольклори. 1 том. Т., «Фан», 1988.
4. Басилов В.Н. Пережитки тотемизма у туркмен. ТИИЭ. Т.-Л., 1960.
5. Гулер. Фарғона халқ қушиқлари. Узбек халқ ижоди. Тупловчи: Х. Рассаков.-Т.: «Гафур Гулом», 1967. -249 б.
6. Бобојонов Й. Мотам маросимларига оид этнографизмлар // Узбек тили ва адабиети, 1997, 57-58-б.
7. Имамов К., Мирзаев Т., Саримсақов Б. Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди. –Т.: «Ўқитувчичи», 1990. -304 б.
8. Гусаев В.Е. Эстетика фольклора. –Л.: «Наука», 1967. -320 с.

REZUME

S. MUZAFFAROVA (Turkistan)
ON THE GENRE OF MOURNING FOR THE UZBEK PEOPLE

This article discusses the ancient Uzbek folklore genres. The role and characteristics of customs and traditions of Uzbek people to the nature of their sementiki considered in the context of the Turkic peoples.